

Сағадат Сәлімбаев

81/Балыкет
14.8



КАПШАГАЙ ҚАЛАСЫНА
35 ЖЫЛ

Сағадат Сәлімбаев

**Қапшағай қаласына
35 жыл**

Алматы 2005

**ББК 84 Каз 7
С 28**

Сәлімбаев Сағадат
С 28 Қапшагай қаласына 35 жыл: өңгімелер. Алматы, 2005.
– 256 бет.

ISBN 9965-27-639-0

Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Сағадат Сәлімбаевтың «Қапшагай қаласына 35 жыл» атты бұл кітабі Қапшагай қаласының тарихы мен аяулы ақының азаматтарының өткен өмір жолдары мен олардың басқарып жүрген мекемелерінің төнірегінен сыр шертеді. Және атқарылып жатқан іс-шаралардың тығырыққа тірелген тұстарында дұрыс шешімдерін тауып, қала көркін көркейтіп, жұртшылығының өлеуметтік тұрмысын көтеріп, еліміздегі экономикасы дамыған ең өсем өрі өркениеті өркендеген қалаға айналдыру жолындағы тірліктерінен хабардар боласыз.

ISBN 9965-27-639-0

**C 4702250200
00(05)-05**

ББК 84 Каз 7+63.3(2)

ISBN 9965-27-639-0

© С. Сәлімбаев С., 2005

Капшагай қаласы әкімшілігінің қызметкерлері мен өндіріс, мекеме басшыларына, өнер, білім қайраткерлеріне және айырықша ақыл-кеңесін беріп, оларды ақжолмен алып келе жатқан Қапшагай қаласының әкімі Сергей Михайлович Зеленскийге, оның бірінші орынбасары Илияс Сейтбекұлы Сүгүровке, орынбасарлары Бақытжан Вильмергенұлы Доспановқа, Ердос Исабекұлы Есболовқа, қала мәслихатының хатшысы Кайрат Нұраханұлы Ахметаев пен мәслихат депутаттарына осы кітабімді арнаймын.

Автор.

Алғысөз орнына

Қапшағай тарихы — мемлекетіміздің өмірінде елеулі орын алатын тарихи оқиға. Бұл — республикалық мемлекеттік мұрасының, балық шаруашылығы мен күрішшілердің ширек ғасыр ішінде қол жеткізген ерлікке тән жетістіктерін сипаттайтын кезең ғана емес. Сондай-ақ бұл — сусыған сары құмдар мен шулы тогайларды жарып өткен Іле өзенінің жағасында адам құдіретімен бой көтерген жас қаланың өмірі ғана емес. Бұл — бір жарым ғасырға жуық өмір кешкен бұрынғы Іле елді мекенінің де тарихы.

Ол, яғни Іле елді мекені осыдан 140 жыл бұрын, ерте дүние кезінде тарих пен мәдениет іздері қалған ескерткіштерге толы тарихи өнірде орналасты. Елді мекенінің бір жағында ежелгі «қапшағайлыштардың» — сурет-жазулары түсірілген Тамғалы тас шатқалы болса, екінші жағында — ерекшелігімен елге белгілі Бесшатыр қорғаны, ал үшінші бағытында — көшпелі Қалқан құм төбесі болды. Қазіргі заман тілімен айтқанда Түркістан — Сібір теміржолының бойына орналасқан бұл жерде негізінен балықшылар мен теміржолшылар тұрды.

Іле елді мекені жағрафиялық тілмен айтқанда теңіз деңгейінен 444 метр биіктікте, $43^{\circ} 52'$, солтүстік ендік пен $72^{\circ} 28'$, шығыс бойлықта. Өзіне жақын Балқаш көлінің деңгейімен салыстырғанда 13,5 метр биік, су қоймасының көлемі 140 мың шаршы метр. Тау төсінен бастау алатын Іле өзені қала іргесіндегі су электр стансасы салынған қысынқы жерден өткеннен кейін өзінше еркін көследі. Алматы облысына қарасты Балқаш ауданының аймағында 400 шакырымға жуық жолды бірде шөлейт, бірде жазира-жазық болып келетін өнір арқылы өтеді әрі жолындағы кішігірім өзен-көлдерді сусындандыра отырып,

сала-сала болған бетімен барып Балқаш көліне құяды.

Қапшағай – ежелгі түрік сөзінің түбірінен құралған «тау шатқалы, қысыңқы» деген мағынаны беретін сөз. Осындай қысыңқы жерде, тау шатқалының арасында республикамыздың онтүстік өңіріндегі жарық жүйесіне өз үлесін қосып отырған су электр стансасы салыңды Қаланың атауы да осыған орай қойылған. Үлкендердің айтуынша қазіргі қала орналасқан жерге көшпелі халық еш уақытта қой тоқтатып, киіз үйлерінің қанатын жаймаған. Себебі күн сөулесінің қызыуымен күйген құмның жалыны бет шарпып, айналаны өңсіз өңірге айналдырған. Тек ерте көктемде қызғалдақтар ғана аз уақытқа болса да қызыл-жасыл кілемдей болып анадайдан көз тартып тұратын.

Міне осы жерде, адам баласының күшімен көп қабатты үйлер мен мектеп, мекемелер салынып, өркениеті өркендеген жаңа қала дүниеге келді. Жасыл жапракты ағаштар отырғызылып, гүлдене түсті. Ауқымды Іле өзені бөгеліп, жасанды көл пайда болды. Бұл көлдің жағасына тек Қашағай қаласының тұрғындары ғана емес, облыс көлемінен, тіптен шет елден келген қонақтар да рахаттана, өсемдігіне тандайларын қара дем алып кетеді.

– Жас қала, гүлдене бер! Дүние жүзіндегі ең өсем әрі өркениеті дамыған көрнекті қалалардың қатарына қосыл! – демекпіз.

Құрметті оқырманым, Іле өзені мен оның бойында орналасқан тарихи ескерткіштер мен болып өткен тарихи оқиғалар жайында әңгімелер мен мақалалар баспасөз бетінде көптеп жазылды ғой. Олардың арасынан тергіштеп жаңа әңгіме мен мақала шығармай-ак, сол авторлардың жазған тарихи әңгімелерін бәз қалпында келтіре кеткенді жөн көрдім.

Автор.

I бөлім

**Жұмақан Қожамқұл Жалайыр мырза
өзінің «Іле бойындаға ұлы көш» макаласын-
да мына мәліметтерді келтіреді.**

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Шенгелді ауылдың тарихы Ұлы Іле өзенімен тығыз байланысты. Мындан асар шаршы шақырымға созылып жатқан ұлы дарияның бойында тұнып жатқан рухани қазына, мәдени мұралар жанға маза бермейді. Өйткені олар біздің бабаларымыздың ғұмыр кешкен кешендерінде пайда болған мұралар. Бірін-бірі дәуір кезеңімен алмастырған түрік текстес халықтардың сан ғасырлық тарихын ғалым Байұзақ Қожабеков былай деп сабактайды: «Жетісу – екі мың жылдық жойқын соғыстардың алабына айналған тарихи өлке. Отken заманды былай қойғанда біздің жыл санауымыздан бері Үйсін, Қаңлы мемлекеттерінің, хұндардың жорығы, 603 жылы құрылған Батыс түрік қағандығы, 706–766 жылдардағы Түркеш қағандығы, 766–940 жж. Қарлук қағандығы, 940–1212 жылдардағы Қарақан мемлекеті, Тараз бен Исфиджабтағы соғыстар, XIII ғасырдағы Шыңғысхан жорығының салдарынан орнаған Шағатай мемлекеті, XV–XVI ғасырдағы Моголстан мемлекеті, оның астанасы Корғастан алты шақырым Іле бойындағы Алмалық қаласы. XV ғасырдағы Қазақ хандығы, қалмақтардың Жетісуға жасаған екі жұз жылға созылған дүркін-дүркін жорығы ұмытуға болмайтын тарих».

Іле алқабы, Жетісу, Үстықкөл аймағы көшпенді халықтардың ертеден мекендеген құтты мекені болды.

Аңыз өңгімелердегі деректерге сүйенсек, Іле алқабы мен Үстықкөл арасында Нұқ пайғамбардың баласы Яфет ғұмыр кешіп, түрік халықтарының алтын бесігіне айналса, бұл аймакта үйсіндер жырға қосып жатқа айтатын Оғыз ханның қыстауы болды. Қытай тарихы бойынша бұл өңірде үлкен ордалар билік құрған. Біздің жыл санауымызға дейін 220

жылдары Қытайдың солтүстік батыс шекарасынан және атақты ұлы тас қорғанынан бастап батысқа қарай юежчилер-түрік тайпалары жылжыды. Олар Жетісудағы жергілікті сә халқын ары ысырып, бай аймақты басып алды. Ескі қытай жылнамалары бойынша сә, яғни сақтар біздің жыл санауымызға дейін Орта Азияны билеп тұрған. Ал олар бұл жерге Онтүстік Сібірден қоныс аударды. Біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші ғасырдың ортасында Орта Азияны мекендерген тайпалар жалпылама сақ аталынды. Және мұндай бірлік олардың құрылымын нығайтты. Ал үшінші ғасырда Жетісуга, Онтүстік Қазақстанда ғұмыр кешкен сақтар кейіннен үйсіндердің құрамына енді. Олардың көпшілігі мал шаруашылығымен айналысса, кейібр бөліктері отырықшылықта өмір сүрді, яғни егін екті. Әсіресе, олардың өнер, мәдениеті сол заманда-ақ биік дәрежеге көтерілді. Ең бастысы, сақтардың Орта Азия халықтарының ұлт ретінде қалыптасуына мықты ықпал еткенін баса айта кеткен жөн. Оларды күшпен ығыстырып, Жетісу мен Іле алқабына билік жүргізген юечжилер Шығыс Түркістанды мекен еткен сақ тайпаларының бір тармағы болатын. Ол жакта юечжилерді сан жағынан басым тұрған үйсіндер мен хуннулар батысқа қарай кетуіне мәжбүр етті. Біздің жыл санауымыздың басында юечжилер Жетісуга қоныс аударды. Бұл жерден келе-келе күшейіп, байлығы артып, Орталық Атияға қарай жылжыды. Юепжилер ол жакта Грек-Бактрия патшалығын күйретті. Юечжи - біздің бабаларымызға қытай жылнамашыларының берген атауы. Біздің жазба жылнамаларда олардың атауы «ұлы иосі», «ұлы иозі», «ұлы жұз» түрінде кездеседі. Кейіннен олар «ұлы иозі» және «Кіші иозі» деп екіге бөлінген. Ежелгі хансу тілінде жазылған бұл «ұлыстардың атын «ұлы иұз», «кіші иұз» («ұлы жұз», «кіші жұз») деп оқуға болады. Қытайдың «Хан патшалығы тарихы Батыс өңір шежіресінде»: «Үйсін халқының ішінде

сақ тайпалары да, ұлы жұз тайпалары да бар», – деп жазылған. Содан да болар, қазақ шежіресінде «ұлы жұз» – үйсін» деген сөз қосарланып қатар тұрады.

Юечжилер – ұлы иозылар біздің жыл санауымызға дейінгі 3-ғасырда Дұнхуаң мен Чилан тауы аралығын мекен еткен. Кейіннен хундардан жеңіліске ұшырап мекенін тастанап, Іле өзенінің алқабына көшті. Олар мұндағы сақ тайпаларын қуғынға ұшыратып, жаңа қоныстарды иемденді. Қытайдың «Хан патшалығы тарихында»: «Хундерден жеңіліп, батысқа қарай ауған ұлы иозылар сақтардың ханына шабуыл жасады. Сақтардың ханы оңтүстікке кетіп, ұлы иозылар олардың жерін иемденіп алды». Ұлы иозылардың Іле алқабына иелік етуі біздің жыл санауымызға дейінгі 160–174 жылдары болған көрінеді. Араға жылдар салып бұл аймаққа үйсіндер келді. Үйсіндер ол кезде саны жағынан көп, күші дәуірлеп тұрған халық болған. Олардан қауіптенген қытай императорлары үйсін билеушілеріне өз қыздарын – ханшаларын ұзатып отырган. Ұлы иозыларды батысқа қарай ысырып, Іле алқабына Үйсіндер өз ордасын орнатты. Бұл аймақты олар жеті ғасыр биледі. VI ғасырда бұлардың орнына гаогюйлер (үйғырлар), кейіннен үйсіндердің тікелей ұрпактары дулулар (дулаттар) келіп, билік тізгінің қолға ұстады. Дулулар – ежелгі түрік тайпалары, Алтай мен Жетісу арасында өмір сүрді. Қытай жылнамаларында III ғасырда дулулар мен сюннұлар Тянь-Шань мен Алтай тауларының аралығында көшіп жүргенін, ал VII ғасырда дулулар Батыс Түрік қағанатының құрамына кіргені туралы жазылған. Бес аймаққа бәлінген олар Іле өзенінің батыс жағын мекен етті. Іле алқабында үйсін гуньмосының билеушісінің астанасы Чигу қаласы тұрды. Ол жайында біздің жыл санауымызға дейінгі 160 жылдардың орталарында бұл шаһарға арнайы келген қытай саяхатшысы Чжанцянь өз еңбегінде нақты сипаттама береді. Тарихшы ғалым Иакинф Чигу қаласының Іле

алқабында, Ыстықкөлдің солтүстік шығысында орналасқан деп жазады.

Хань династиясының әупетінің мұрагері император Ви-ди үйсіндермен тығыз байланыста болғандықтан, Үйсін мемлекеті жайында Қытайда тарихи деректер жеткілікті. Олардан кейін билікке келген Тань династиясының тұсында, Қытайлар қүшейіп Іле, Шу (Е-хе) өзендері бойындағы, Ыстықкөл (Же-хай) маңындағы аймакқа туын тікті. Бірақ намысқой бабаларымыз қол жинап бірігіп, дұшпанды өз жеріне шегіндірді. Осы Іле аңғарымен кезінде хандардың ханы Шыңғыс ханының сансыз қолы Түркістанға өтті. Он төртінші ғасырда өмір сүрген Тұғлық-Темірхан Жетісудағы жеті қаланың иесі атанып, билік құрды.

M. Жылқыайдаров мырза Жетісудың жеті өзені жайында былай жазады.

Бұл сауал төңірегінде көптен бері айтылып та, жазылып та келеді. Бірақ өлке атына арқау болған өзендер аттарын тап басып, тап айтқан өлі ешкім жоқ. Осы орайда Шенгелді ауылдының тұрғыны, ұстаз Нұртай Қатайұлының «Жетісу» газетіне мақала жазып (өткен жылғы 23 желтоқсан) аландаушылық білдіруі орынды. Туған жердің, өскен елдің тарихын білу кім-кімге де перзенттік парыз.

Нұртай Қатайұлы осы тақырыпта айтылып жүрген сан алуан пікірлердің қайсысы дұрыс, қайсы бұрыс деген сауал қояды да оларға өзінің иланбайтынын сөз еткен.

— Біз,— дейді Нұртай.— Жетісудың жеті өзенін былай түсіндіріп жүрміз: олар — Шу, Іле, Көксу, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Сарқан. «Огни Алатау» газетінде В.И. Прокуринің «Путешествие в страну семи рек» (1990 ж. 15 ақпан) деген макаласында жеті өзен қатарына Іле, Қаратал, Бүйен, Ақсу, Лепсі, Басқан, Сарқанды қосқан. «Жетісу» газетінің 80 жыл-

дығы қарсанында дөңгелек үстел» өткізілді. Сонда сөйлеген сөзінде қарт журналист Х. Әміренов Жетісудың жеті өзені жөнінде өз пікірін айтты.

Ақсудың Лепсіге, ал Көксудың Қараталға құятынын, олардың бір атауға ғана ие екенін сөз етті. Меніңше бұл үшқары пікір. Төртеуі де біріне-бірі қосылмайтын бөлек өзендер. Ал М. Тәтімовтің айтқандары мұлде қисынға келмейді «Жетісу жерінің ежелгі атауы ірі-ірі көлдермен белгіленген дейді де оған Сасық көл, Алакөл, (Ит ішпес), Евінур (Евінің желі), Сайрамнұр (Шыңжандағы көл), Ыстық көл, Соң көлді (Қырғыз жерінде) жатқызыған. Мұндай пікірді бірінніші естуім. Демограф-ғалым М. Тәтімов және бір сөзінде Гейнес пен Бартольд шкірлеріне сүйеніп, солардың сөздеріне сілтеме жасаған. Автор олардың пікірлерінен келіспейтінін айтқан, Гейнестің пікірінше Жетісудың жеті өзені – Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу. Бартольдтің пікірінше Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу. Сонда Жетісудың ірі өзендері Шу, Іле, Аяқөз қайда қалады? Оларды жеті өзен құрамынан шығарып тастау орынсыз. Миңе, осындай шым-шытырық шкірлерді қорытып, жинақтап бір арнаға түсірген жөн. Сонда біз шәкірттерге долбарлап, күмәнді жауап беруден құтылар едік. Өзіміз шатасып қоймай, шәкірттерді де шатастырмас едік. Бұл тек біз үшін ғана емес, келешек үрпақ үшін де керек екенін естен шығармайық. Жер тағдыры – ел тағдыры, екенін естен шығармайық» дегені өте орынды. «Жетісу» газеті осындай келелі мәселе көтеріп, дұрыс жасаған.

Осы мақаланы талқылауға бірінші үн қосқан балқаштық журналист Нұрсапа Аманжолов. Ол: «Іле туралы не білеміз?» деген мақаласында (4 қаңтар, 2000 жыл) Балқашқа құятын өзендер – Іле, Қаратал, Басқан, Ақсу, Сарқан, Лепсі, Аягөз деген. Меніңше Іле, Қаратал мен Аягөзден басқасы Балқашқа құймайды.

Иә, Жетісудың жеті өзені жөнінде тап басып, дәл айтылған пікірлер өзірге жоқ. Пікір айтушылар әйтеуір жеті өзен санын толтыру үшін ірілі-ұсағын араластырып жіберген. Олардың ішінде Балқашқа құттындары да құймайтындары да бар.

Мен Балқаш көлінің онтүстігі мен солтүмтігін, шығысы мен батысын тәуір-ақ аралаған, ол жөнінде көп деректер жинаған адаммын. Жетісу өзендерін сөз етпес бұрын өуелі оның терриориясының қай кезде, қандай болғанын біліп алған жөн. Өлкे көлемі сан рет өзгеріске ұшырады. Осыған орай осы өлкеден ағатын өзендер саны да өзгеріп отырды. Мәселен, 1920 жылғы 20 наурызда Түрік бюроның шешімі бойынша Жетісу жерінің шекарасы белгіленді. Онда құншығыста (құжатта осылай аталған) Қытаймен, солтүстік және солтүстік батыста Семей губерниясымен, батыста Сырдариямен, онтүстік және онтүстік батыста Қырғызстанмен шектесетіні атап көрсетілген. Осынау ұланғайыр жердің өн бойын шарлаған алып дененің қүре тамырлары іспетті өзендері – Іле, Шу, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аякөз делінген.

1912 жылғы 22 ақпанда Қазақстан Орталық Кеңес комитетінің облыс құру жөніндегі қаулысы жарияланды. Осы қаулы бойынша 6 облыс құрылды. Олар – Құншығыс Қазақстан (ол кезде осылай аталған), Онтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Құнбатыс Қазақстан (ол да осылай аталған), Қарағанды, Алматы облыстары. Алматы облысына қарайтын жерлердің тізімі берілген. Олар – Қоңырат (казіргі Балқаш қаласы) Қордай, Шет, Үржар, Аякөз, Шу, Шұбартау. Қазір бұлардың бірсыптырасы Жамбыл, Семей, Қарағанды облыстарының құрамында. Арқа жерінің біраз бөлігі ертеде де, бертінде де Жетісу өлкесінің құрамында болды. Жетісудың өзендері мен көлдерін, тауларын Жетісудың дүлділ ақыны, қазақ поэзиясының құлагері Илияс Жансүгіровтен жақсы білген адам жоқ. «Жетісудың су суреттерінде:

Ыстық көл жер айнасы — мөлтілдейді,
Балқашты қамыс қамап желкілдейді.
Аттанған Жетісудың алты өзені,
Балқашқа бауырымдап енкілдейді», —

деген. Мұнда Ілекең алты өзеннің атын атаған. Мұны Ілекең білмей айтып отырған жоқ. Жетінші өзеннің Арқада, Ақтоғай ауданының жерінде (қазіргі Жезқазған облысында) екенін жақсы білді. Жоғарыда сөз еткен қаулыда Ақтоғай ауданы Жетісуға кірмеген, Алматы облысы Құрамына жатқызылмаған Қарағанды облысының жері болып есептелген. Сондықтан да «Аттанған Жетісудың алты өзені» деп атап айтып отыр.

1956 жылы Қазақ ССР Фылым академиясының баспасы география ғылымының кандидаты В.В. Хонның «Талдықорған облысының қысқаша экономикалық-географиялық» очеркін шығарды. Онда Жетісудың ірі өзендерінің бірі — Шу өзенінің аты аталмайды. Өйткені, ол Жамбыл облысында. Іле өзені Алматы мен Талдықорғанға ортақ. Іленің шығыс жағы Талдықорғанға, батыс жағы Алматы облысының иелігінде екенін ескерген. Ал, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аяқөз өзендері Талдықорған облысының жерінде. Сондықтан да олардың аттарын атаған. Алматы облысының еншісінде бір ғана Іле барын айтқан.

1959 жылы Талдықорған облысы таратылды да, кейін ол қайта құрылды. Отауланып шыққан облыс басшылары өз газетінің атын «Жетісу» қоятынын айтты. Өйткені, біз нағыз жетісулықтармыз. Өлкеге ат берілген жеті өзеннің бесеуі біздің облысымызда. Ал Алматы облысы тек Іле өзеніне ғана ие, оның өзінде де бізбен ортақtas деген. Осы дау өрттей өршіп, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа жеткен, талқыланған. Алматы облысының газеті « көптен бері «Жетісу» деген атпен шығып келеді. Оны өзгертудің қажеті канша? Екі газетке бірдей ат беріп өзгеріс жасаған тиімді емес, деген уәж айтқан. Содан кейін талды-

қорғандықтар өз газетіне «Октябрь туы» деген ат берді. Ал Алматы облысының газеті «Жетісу» болып қала берді.

Енді Жетісу өлкесі аталуына арқау болған б өзенге тоқталайық. Жетіншісінің Жезқазған облысында екенін жоғарыда айттым. Абай даңғылы мен Мұқан Төлебаев көшесі қылышында қара мрамормен қапталған текшелерде Жетісудың жеті өзенінің аты ойылып жазылып қойылған. Олар – «Іле, Қаратал, Аксу, Лепсі, Шу, Тентек және Көксу» делінген. Егер Балқашқа ертеде құйған жеті өзен жөнінде айтса Тоқырауынды неге тастап кеткен. Кеңес одағы кезіндегі дерек бойынша алса Шуды қоспау керек еді жеті өзен құрамына. Ал үш өзен атын иемденіп отырған Қаратал, Көксу, Тентек – бір өзен. Осы ағаттықты «Вечерняя Алматы» газеті де қайталаған. Ол 1975 жылғы 26 шілдедегі нөмірінде «Жетісудың жеті өзені жөнінде» материал жариялады. Онда да жеті өзен құрамында Тентек пен Көксу жүр. Енді Жетісу өзендерінің аттарын атап, соларға талдау жасайық.

Қаратал өзені. Жеті өзенді сөз етушілер оны үш өзен етіп көрсеткен. Олар – Тентек, Көксу, Қаратал. Бұлары ағат. Атақ-даңқы өлемге өйгілі ғалымдар В. Бартольд те, А. Влангали де, А. Гейтс те Көксуды Балқашқа құятын өзендер санатына қосқан. Көксу маңында Тентек деген өзен жок. Ол Көксудың жанама аты, Көксу өзенінің бойында бұрын Кировскі деген поселке болды. Ол Киров ауданының орталығы еді. Жергілікті халық оны көбіне Тентек поселкесі, Көксуды Тентек өзені деп атайды. Қазір аудан аты да, поселке аты да өзгерді – Көксу аталағы.

Көксу өзені жайшылықта жылышып баяу ағатын, сусы тұнық, мөп-мөлдір. Арна табанындағы заттар анық көрініп жатады. Ал, көгілдір көктемде тасыған кезде көрсөніз зәре-құтыңызды ұшырады. Құркіреген даусы күншілік жерден естілетін сойқанды-содыр-

лы. Ілекен Қөксудың кескін-келбетін бір шумак
өленге сыйғыза өрнектеген.

Көпірген Қөксу көл бар, басы бастау,
Дегенге қошпелі өйнек сұы үқсастау.
Тау жуып, тасты қуған содыр сұы,
Аңқылдай арнасында меруерт астау.
Жар жарып, тасты қуған содыр сұы,
Бейне бір Жалайырға шабатын жау,—

деп келістіре суреттеген, оның үлкен Қаратадың
оңтүстік жағынан келіп, Қараталға қосылатынын:

Мөлтендеп Мойнакты орай Қаратал да,
Қөксуға қойындасат жарды жанып,
Қосылып екі ерке су — екі сұлу,
Балқаштан қалың құмға кетет лағып,—

дегені жоғарыда айтқанымыздың айқын айғағы. Тағы
да қайталаймын, Тентек деген өзен жок. Ол Қөксу-
дың жанама аты. Қаратал мен Қөксу бір өзен.

Қараталдың Балқашқа құятын жері тарам-тарам.
Негізгілері Ащысу, Қарақылы, Қаңбақты көлді суға
толтырып, балықты көлге айналдырған. Қаратал
өзенінің Балқашқа құйылсы Ушқамау деп атала-
ды. Іленің Балқашқа құйылсы да осылай аталағы.

Қаратал өзенінің басы Қора мен Шашаның мұзарт
мұздарынан бастау алады. Осы екі таудың басында-
ғы мұзарт мұздар, қар еріп, екі таудың қуыс-қойна-
уына жамырай жосылып, жолшыбай біріне бірі қосы-
лып, айдыны айнадай жарқыраған мол сұлы өзенге
айналады. Талдықорған қаласының солтүстік шы-
ғысын орай ағып, Дауылбайтауын бөлектерлеп Бірлік
ауылының тұсында Қөксуға қосылады. Осыны
Ілекен:

Күрделі қоныс қайда Күренбелдей,
Күр жатлас Қора мұзбен жүгенделмей.
Тегез төңкерілген тегеш Шажа,
Шамқай шал қабак жаба тұнергендей,

деп табиғатқа жан бітіре суреттеген.

Шу өзені Жамбыл облысы жерінде. Ол Қырғыз республикасы мен жамбылдықтарға ортақ. Ертеде арынды да ағысты өзен болған, Балқаш көліне құйған. Осы өңірде суармалы егіншіліктің дамуы су қорын елеулі түрде азайтқан. Қазір ол Балқашқа құймайды. Қазақ жерінен қалмақтарды қуғанда Жалайыр Шу бойына келіп қоныстануды ойлаған. Бірақ у-шуы көп екен деп үнатпай, көш басын Іле мен Қараталға түзеген.

M. Жылқыайдаров мырзаның «Іле бойы ырысты да күрішті өңір» атты әңгімелегсінде.

Жетісудың ең ірі өзені – Іле. Илияс Жансүгіров оны «елге де, тандыры кепкен жерге де қарайлласпай тоңмойын томсарулы сұық жүзбеп жылдысып ағып жатыр бір мінезбен» деп суреттеген. Басына жүген, құрық тимеген шу асаудай тарпаң мінезін тастағаны бертінде. Шеңгелді Малайсары, Ақдала тыңы игеріліп, берері мол берекелі өңірге айналдырылады. Қапшағай жасанды теңізі жасалып, арзан электр қуатын бере бастағаны қашан. Мұны Ілекең көрсө қалай қуанар еді десенізші. Бұл өзен жөнінде Бартольд те, Гейнс те дәнене айтпаған, олардың мұны білмегені анық.

Іленің басы Теріскей Алатаудан, атап айтқанда, Нарынқол ауданындағы Өрнек ауылының тұстарындағы Ілебасыдан басталады. Оған Хантәңірі бойынан жамырай аққан еріген қар мен мұз сұы қосылып Сүмбеге қарай жол тартады. Одан Қытай жеріне өтіп, Ілеге оның ірі тармағы Қаш өзені қосылады. Осыдан соң төмен құлдилап Панфилов ауланы жеріне өтеді. Оған бұл жерде Харгос өзені қосылады. Жетісу өзендерінің ішіндегі ең ірі, әрі ұзыны – Іле. Қытай Халық республикасы шекарасынан Балқашқа барып құйғанға дейінгі ұзындығы 746 километр. Бұрын Ілемен паразод жүретін Қапшағай теңізі жасалып, Іле сұы бөгелгелі бері су жолы жабылды.

Орыс ғалымдары Бартольд пен Гейнс Аякөз өзені жөнінде де дәнене айтпаған. Ол өлі де мол сұлы. Қазірде де Балқашқа құяды. Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтары Аякөздің өткелінен өтіп қарым-қатынас жасаған. Ол Балқашқа бұрынғы Бөрлітөбе ауданының ескі жұрты — Бөрлітөбе деген жерден Балқашқа құйған. Айнала төнірегі белес-белді құмды төбелер, су кәсіпорындарға да, тұрғын үйдегілерге де тасылып берілетін. Бұған көп шығын шығатын. Оны болдырмау үшін аудан орталығы теміржол бойындағы Лепсі бекетіне көшірілген. Өйткені, оның онтүстік шығысын орай Ақсу өзені ағып жатты. Өзен бойы қалың орман еді. Оны кесіп, отқа жақты. Құрылыш материалы ретінде пайдаланды.

Ақсу өзені Лепсі теміржол бекетінің шығыс жағын орай ағады. Одан кәсіпорындарға, мекемелерге, тұрғын үйлерге су құбыры жүргізіліп, су тасу, үйді-үйге тарату шығынынан құтылды.

Лепсі өзені Балқаш көліне Бөрлітөбе ауданындағы Балқаш мыс комбинатының Лепсі көмекші шаруашылығының жерін басын өтіп, «Красный рыбак» колхозының ескі жұртынан барып Балқашқа құяды. Бұрынғы Талдықорған облысы жерінде Лепсі аталағын жер үшеу, оның бірі сөз етіп отырған Бөрлітөбе ауданындағы (бұрынғы) Лепсі. Қазір ол М. Төлебаев атындағы өндірістік кооперативтің орталығы, екіншісі осы аудандағы Лепсі теміржол бекеті. Жоғарыда айтканымдай, бұрын ол Бөрлітөбе ауданының орталығы болды. Үшіншісі Үйгентас ауданының жерінде. Ол Жетісудың Ресейге қарағанына 100 жылдық мереке өткен жер. Осы салтанатқа ұлы Абайдың өкесі бір топ нөкерлерімен барған.

Ақсу өз алдына бөлек өзен. Ол да Балқашқа құяды. Лепсі өзеніне қосылмайды, өз алдына бөлек өзен.

Аякөз өзені — мол сұлы. Бөрлітөбе поселкесінің солтүстік шығыс жағынан шамамен 20 шақырымдай

қашықтықтан Балқаш көліне құяды. Құйылысы кең жайылма, суы таяз. Ертеде Ұлы жүз бен Орта жүз халықтары осы өзеннің Күркілдек деген жерінен өтіп қарым-катанас жасаған.

Тоқырауын өзенін білетіндер аз, саусақпен санарлық. Ертеде ол Терісакқан деп те аталған. Өйткені, Арқа жеріндегі өзендер солтүстікке қарай ақса, Тоқырауын суы онтүстікке қарай, яғни кері ағып, Балқашқа құйған. Ертеде ол жер бетімен ақсан айнала төнірегі қалың орман. Ну тоғай болған. Ол жөнінде «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» дастанының ескі нұсқасында айтылады. Жүсіпбек қожа Шайқысламұлының «Наурызбай батыр» қиссасында:

Жатайын Тоқырауында үш күн тосып,
Ел-жұртың кеңес құрсын басын қосып,—

деген жолдар бар. Осы өзеннен Әмір-Темірдің өскери 1389 жылы аттарын суарған деген дерек бар. Тоқырауын бойы Орта жүздің атақты биі Қараменденің құтты мекені болған. Әмірге Әлихан Бекейхановты, Жақып Ақбаевты, Әлихан Ермековты дүниеге келтірген қасиетті орын, құтты жер.

Ертеде өзен боиын мекендерген ел жер жыртып, тұқым сеуіп, егін салған. Халықтық селекция нәтижесінде Тоқырауынның ақ бидайы сорты дүниеге келген. Бертінде халық егіншілікпен айналысады қойған, Тоқырауынның ақ бидайы сорты жойылып кеткен. Өйткені дәндері баданадай ірі белокқа бай болғанымен, шығымдылығы төмен еді.

Бұрын ел Тоқырауын өзені жойылып кетті деп жүретін. Арқадан Саяқ кениші ашылып, елді мекен орнағанда көп мөлшерде тұщы су қоры қажет болды. Сол кезде іздестіру-зерттеу жұмысы жүргізілген, соның нәтижесінде жер астымен ағып, Балқашқа құятын Тоқырауын өзені табылды. Қазір ондағылар осы өзеннің тұщы суын пайдалануда.

Жинақтап айтқанда, Жетісудың жеті өзен елі атандуы бағы заманнан арна тартқан. Солардың бойын мекендеген елдер өздерін «жетісулықтармыз» деп есептеген. Мен білетін, мен жинақтаған деректер осылай деп сыр шертеді. Жер тарихы — ел тарихы. Оны білу баршамыздың ортақ парызымыз.

***Жәлел Айдарханұлының «Лабасы —
Іле басы емес» атты әңгімесін оқып көріңіз.***

Атақты Мұзарт (Тянь-Шань) мәңгілік мұз құрсанып, қар жамылған аскар таулар. Ал етегі жалпы алғанда адамға да, малға да жәйлі саялы өнір. Мұндағы мындаған өзен-сулардың біразы жер асты бұлактарынан басталса, көбі қабатталған қалың қар менин мұздықтардан қоректенеді. Солардың бірі Үш Қақпақ тауларынан үлкен үш өзен арна тартады. Олар Үлкен Қақпақ, Кіші Қақпақ, және Шұбартал өзендері. Шұбарталдың басы сонау алыстағы Үш Көксай тауларынан басталатыны анық. Бұған жолжөнекей өр сай-саладан құлап аққан жүздеген өзеншелер құйылады. Темендей келіп тағы оған Құтырғанбұлактың мол суы келіп қосылған соң, кең арналы үлкен өзенге айналады. Бұл өрине, Шұбартал өзені.

Шұбартал жазыққа шыкканда барып, яғни Лабасы тауының етегіне жеткенде кенеттен азайып, бір кезде соншама мол су жер астына түсіп сіңіп кетеді. Бар болғаны Қайнар мен Қақпақ арасында жылтырап азғана су акқаны болмаса, дерліктей екі орта жас баланың енбегіндегі былқылдаған үлкен саз. Жер астына сіңіп жоғалған жаңағы сулар енді төрт-бес шақырымнан кейін жер бетіне біртіндеп қайта көтеріледі де, бәрі жиналышпі бір өзенді құрайды. Мұны Текес өзені дейміз. Оған ешкім таласпайды. Осы етектегі жиналған суды біреулер «Текестің басы —

Лабасы» – деп жүр. Бірақ бұл дұрыс емес, үстірт үғым. Текес өзенінің басы болатындаі негізгі дәлел жоқ. Қос Қақпак және Шұбартал секілді ірі өзендер Лабасы тауларынан ақпайды, аққан да емес. Әсілі, түбін қуып келсе, атақты Текес өзенінің басы Шұбартал емес пе деген ой қыланадайды. Текеске Үлкен Қақпактың сұы, одан төмендеп барғанда Байынқолдың, ары қарай Мұзарттың (Шаты), Қайынды – Қарасудың, Шекірттіңің үлкенді-кішілі осындаі өзендері қосылып, шығыска қарай жөңкіліп ағып, шекара асып кете береді. Ал, Текес туралы Қазақ энциклопедиясында мынандай нақты мәліметтер бар: «Текес – Нарынкол ауданы және Қытай жеріндегі өзен. Жалпы ұзындығы 438 км, оның 218 км-і СССР жерінде. Су жинаған алқабы 28100 шаршы шақырым. Теріскей Алатрудың Солтүстік – Шығыс сілеміндегі Қопыл тау массивінен басталып... Жаңа адым елді мекеніне дейін тар, терен шатқалмен, одан төмен мемлекеттік шекараға дейін жазықпен ағады» (11-том, 9-бет).

«Жаңа адым» дегені 1950 жылдардан бұрынғы Лабасы етегіндегі ұсак колхоздардың бірі. Ал Қопыл қай жер екенін айыра алмадық, шамасы не Сырт жайлауындағы, не Үш Қақпак тауларының ішіндегі бір жерді айтса керек. Мәліметтің нақтылығы күмән туғызбайды. Текестің Қазақстандағы ұзындығы 218 шақырым дегеніне қарағанда Шұбартал саласын қосып отыр.

Енді осы жерде тағы айта кететін құдікті күмән туғызатын бір мәселе бар. Ол Лабасы атауы төңірегінде. Лабасыны Іле басы деп жүрген кейбір азаматтарды өз басым қолдап, қуаттамаймын. Бұрын біреу «білген сон айтам, білмесем немді айтамын» депті ғой. Сол айтпақшы, біз неге қолдамайтынымызды дәлелдеп көрейік.

Біріншіден, Лабасы – Іле басы емес, ол бөлек. Текес бар болғаны Іле өзенінің ұзын бір саласы ғана. Екіншіден, қазакта лабасы дейтін сөз жоқ. Ол қал-

мақтардың (моңғол) Лама деген сөзінен шыққан. Ең жоғарғы дін басыларын Лама дейді.

Одан төменгілері геген, келен, шәбінор, амбал. Бәрі де дін басына қызмет ететін адамдар. Мәселен, көптеген ұсақ шәбінорлар бірігіп, бір келенді құрайды. Бірнеше келендер жиналышп گегенге бағынады (Қазіргі Кеген атауы осыдан шыққан). Ал өр жердегі гегендер бір аймақ басшысы Ламаға қараған екен. Цакар – амбы деген қалмақ ханын Шәкірамбал деп атағанымыз сияқты, оны да халқымыз өз тіліне бейімдеп Ламас немесе Лабасы деп кеткен. Осыны базбіреулер «Текес – Іленің басы екен, ал Текес Лабасыдан басталады» деген теріс түсінік қалыптасқан. Шындығында солай деп айтылып та, жазылып та жүр.

Үшіншіден, Іленің ең ұшар басы Текес емес, Қытай жеріндегі Күнес өзені. Іленің Текестен басқа аса ірі салалары болып саналатын Күнес, Қас өзендері бірыңғай батысқа қарай ағады. Екеуі де Ерен-қабырға тау жоталарындағы мұздықтардан нәр алады. Ортасын Абыралы тауы бөліп тұр. Жағырапиялық тұрғыдан алып қарасақ та, карта бойынша Күнес Іленің басы етіп көрсетілген. Олай болатыны Күнес ешқайда бұрылмастан Іле сияқты бір бағытта, дәлірек айтсақ шығыстан батысқа қарай тұра ағатындығында. Текес болса, бұған мұлде қарсы, керісінше шығысқа қарай ағып жатыр. Сөл бұрылыс жасап Тоғызтарау (Қытай) ауданындағы Карабура деген жерінде бір: бүйірден Күнеске келіп қосылады. Сондықтан оны жаратылыстану ғылымының аса білгірі, саяхатшы ғалым Ш. Уәлихановтің өзі Текесті «Теріс акқан» деп атаған екен. Сонда, бір түзудің бойында жатқан Күнес аталмай, теріс акқан Текес өзені Іле басы болғаны ма?

Текес суын қосып алған Күнес өзені ары таман барғанда оған Қас өзені келіп құйылады. Осы еki судың қосындысы енді өзен емес, ары қарай Іле дәрия-

сы деп аталады. Одан кейін Құлжа, Сүйдін, Корғас тәрізді бірнеше қалаларды, елді мекендерді жағалап отырып, Қазақстан жеріне етеді. Одан бергі Балқаш көліне жеткенше қандай басты өзендер құяды, ол жағы өзімізге белгілі.

Іле жәйлі Қытай қазақтарының арасынан шыққан айтулы ақын Таңжарық та айқындаپ аша түседі.

Іленің басы - Күнес жылып аққан,
Сарқырап қүйған бұлак, әр
тараптан.

Қасында Шапқы деген бір саласы,
Ағыны артығырақ шапқан аттан,
Қас деген сол жағында бір інісі,
Баладай асау мінген жалпаң қаққан.
Жыргалан, Көксу, Текес, Ақаязы,
Тектіріп мас адамдай атқа шапқан.
Косылып бәрі келіп бір Ілеге,
Аптығын өзөр басып, тыным

тапқан...

Демек, «Іленің басы – Күнес, жылып аққанын» тайға таңба басқандай етіп Таңжарық та айтып отыр. Кейбір білетіндердің айтуынша қалмақ тілінде Текес сөзі – батыс жақ. Сондай-ақ Күнгес (Күнес) шығыс мағынасын білдірсе керек. Корыта келгенде, басқаны қайдам, менің өз түсінігім осылай. Бұған Лабасыны Іле басы деп жүрген Хантәнір баурайындағы бауырларымыз не уәж айтар екен?

*Жұмахан Қожамқұл Жалаіырдың мына
«Күм басқан кала» атта мақаласын оқып
көрініз.*

Шеңгелді ауылының ортасында өркештене үйілген үйінді топырактың астында түбі тереңге кеткен тылсым дүние – ежелгі қала жатыр.

Осы елді мекеннен 20–30 шақырымдай жерде дұлығалы батырдай өудем жерден қарайып көрінетін Шолақ тауының етегінде ертедегі бабаларымыз – сактардың **Бесшатыр** тарихи қорғандары бой көрсетіп алыстан белең береді. Бүгін біз сөз еткелі отырған ауылдағы ежелгі шаһар сол кезеңдерден бастау алып, қуатты күшті мемлекет құрған үлкен тайпалар мен ұлыстар дәуірінде Ілебалық, кейіннен Екіғызы, Күнгіт-Күнгей болып өзгеріп отырған. Басында бұл қала 10–15 гектардай аумакты алып жатқан болуы керек. Шығыста және Батыста дамыған қалалар заңдылығы бойынша елді мекеннің шет жағында малшы-жатақтар, қолөнершілер мен ұсталар және олардың шеберханалары орналасса, ал қақ ортасында бай шонжарлар, билеушілер тұрған ғой. Үй қабырғаларының көвшілігі күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған және бір-біріне тығыз әрі жақын орналасқан. Оның бір дәлелі мынау: жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарындағы колхоздасу кезінде шашылып жатқан қызыл кірпіштен жергілікті халық мал қора салған екен.

Жалпы, бұл қалаға мән беріп, алғаш рет қатты қызыққан Шоқан Уәлиханов болатын. Ұлы ғалым күнделігінің бір жеріне «Шенгелді бекетінде болып, су құбырын көруім керек» деп жазады. Ол 1856 жылы Ыстықкөл сапарынан оралып келе жатып, жолшыбай Шенгелдіге арнайы тоқтайды. Талай ескі қалаларды көріп зерттеп жүрген ғалымға бұл таңсық та емес еді. Бірак оның көзіне оттай басылып, қатты қызықтырғаны – шаһардағы су құбыры болатын.

Әрине су құбыры осы қаланы мекендеген елдің сол кездегі дамыған озық ойы мен мәдениетінің үлкен үлгісі, жетістігі. Кейін гидролог-мелиоратор ғалымдар Шенгелді ауылының астында бірнеше мындаған текше метрге созылған көлемді жер асты көлі бар деп, түбірлі зерттеулер жүргізген.

Біздің жердің ерекшелігі сол – көзін тапсан 20–